

AQTOĞAI AJARY

Aqtoғai aýdandyq qoғamdyq-sarasi basylım

№40 (7929)

Жұма
29 қыркүйек
2023 ЖЫЛ

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында инфрақұрылымның тазуын

– Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станцияның 8 блогы түгел жұмыс істейтін болады. Қазір екінші ГРЭС-ті кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр, үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталады.

Түптеп келгенде, Қазақстан электр қуатын басқа жақтан

қазірдің өзінде жаңартылатын энергетика жобаларына тиесілі. Бұл мәселеде табиғатты қосымша электр энергиясын өндіру үшін пайдалануға мүмкіндік беретін гидростанцияларды салу мен жаңғыртуға ерекше рөл берілген. Мемлекет басшысының айтуына «Астана» Халықаралық қаржы орталығының базасында да «жасыл» қаржыландыруды тарту үшін

Сыртқа тәуелділіктен арылтады

ескере отырып, елдің энергетикалық қауіпсіздігіне ерекше назар аударды. Бұл мәселе ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесі, сарапшылардың пікірінше, қазірдің өзінде күн тәртібінде тұр. Көрші елдерге тәуелді болмас үшін өзіміздің энергетикалық ресурстарымызды пайдалану қажет. Осыған байланысты алдағы бес жылда көлемі кемінде 14 гигаватт болатын жаңа энергетикалық қуаттар енгізілетін болады.

алмауға тиіс, яғни көршілес елдерге тәуелді болмауы керек. Біздің қазіргі ахуалымыз мез емес. Бұл – ең алдымен, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі. Жалпы, қай жағынан алып қарасақ та бұған мүлде жол беруге болмайды, – дейді Президент.

Осы жұмыс шеңберінде жаңартылған энергия көздерінің дамуына байланысты энергетика саласын басқару бойынша тәсілдерді жетілдіру жоспарлануда. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, жаһандық күрделі салымдардың шамамен үштен бірі

алаң құрылады.

Экономикалық ынтимақтастық даму ұйымы стандарттары ескере отырып, экономиканың барлық секторларының қолданыстағы энергия тиімділігі саясатын, оның ішінде ресурс үнемдеу жөніндегі нормативтік талаптарды енгізу жолымен қайта қарау жүзеге асырылатын болады. Осыған байланысты нормативтен тыс тұтыну кезінде жоғары тариф белгілей отырып, жаңа тарифтік саясатты әзірлеу басталды.

Б.Қалақбаев,
аудандық мәслихат
делуаты.

Судың да сұрауы бар

Су – тіршілік ететін жалғыз адамзат баласы мен табиғатқа аядай қажет қуылыс. Себебі, сусыз адам да, табиғат та, жан-жануарлар да өмір сүре алмайды. Сондықтан да «Су – тіршілік көзі», – деп бекер айтылмаса керек. «Бұлақ көрсең – көзін аш», – демеуші, су мәселесінің шеңбері – адамзат. Егер біз суға өзіміз үшін аса құнды нәрсеге ретінде қарап, қадір-қасиетіне жете білсек бүгінгідей проблемаларға ұмырмас па едік. Жолдауда Мемлекет басшысы әсіресе су ресурстарына қатысты орамды ойларын ортаға салды. Оның татынылығы биылғы жылы еліміздің басым өңірлеріндегі фермерлер үшін үлкен шығындарды тудырғанын атады. Су ресурстарын жылына 40 мыңнан 150 мың гектарға дейін сақтауды ұлғайтуға мүмкіндік беретін озық су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарлануда. Мұндай тәсіл Қазақстанға өз байлықтарын тікелей мақсаты бойынша пайдалана отырып, одан әрі ұқыпты қарауға мүмкіндік береді. Электр, жылу және су – жайлы өмір сүру үшін ең қажетті негізгі тауарлар.

–Ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту керек. Көктемгі қарғын суды жинау және оны егістікке жеткізуге құмға сіңіріп жоғалатын алмау мәселесі шеңберін табуға

тиіс. Өйткені оның бәрі – ишкі су қорымыз. Ол үшін 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 3500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алу керек. Негізгі міндет – 2027 жылға қарай қосымша екі текше шақырым суға қол жеткізу, – деп атап өтті Қ.Тоқаев.

Бұл ретте су үнемдейтін технологияларды енгізу – аса маңызды. Дегенмен, біз дәл қазіргі жағдайда жаңа тариф саясатынан да аттап өте алмаймыз. Президент атап өткендей жаңа инфрақұрылым салу – өте маңызды міндет, қазіргі нарықтың талабы. Суды нормативтен артық жұмсағандар оның ақысын жоғары тарифпен төлеу керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдейміз қажет. Оған қоса судың «көлеңкелі» нарығы түбірі мен жойылуға тиіс.

«Судың да сұрауы бар» демеуші суды үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын иштектеу ресурс. Осыз шаруалардың күні қараң. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол берілмейді. Талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылмақ.

М.Қасымұх
Ақтоғай аудандық орман және жануарлар
әлеуметтік қорғау жөніндегі шаруашылық
директоры.

*Аудандық мәслихатта

Тұрақты комиссияның біріккен мәжілісі

Қыркүйек айының 26-ші жұддығында аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері мен өміршегілік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің отырысы өтті.

Тұрақты комиссияны аудандық мәслихат депутаты Т.Таукеев ашып, жүргізді. Күн тәртібінде: «ҚР Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы №19 Жарлығына сәйкес аудан өкімінің аудандық мәслихат депутаттары ақпандағы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындау туралы есебі» жайлы аудан өкімі Р.Кешібековтың есебі тыңдалды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Аудан көлемінде жол құрылыс, инфрақұрылымдар жүйесі, абағандыру бағытында атқарылған жұмыстардың сапалы аяқталуы және «Мемлекеттік сатып алу» заңдылықтарының орындалу барысы туралы» аудан өкімінің орынбасары С.Мұратұлының ақпары тыңдалып, талқыланды. Ақпар аясында депутаттар сұрақтар қойып, жауап қайтарды.

Тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің соңында сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті сегізінші сессиясының күн тәртібі пысықталып, басқа да өтргіші мәселелер қаралды.

Кезекті сегізінші сессия болып өтті

26 қыркүйек күні аудандық өкімдіктің мәжіліс залында сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті сегізінші сессиясы болып өтті.

Оны комиссия төрағасы, аудандық мәслихаттың төрағасы Р.Өбеуов ашып жүргізді.

Жұлын барысында күн тәртібіндегі мәселе «ҚР Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы №19 Жарлығына сәйкес аудан өкімінің аудандық мәслихат депутаттары ақпандағы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындау туралы есебі» жайлы аудан өкімі Р.Кешібековтың есебі тыңдалды. Келесі кеңеске барлық бөлім, мекеме басшылары, қоғамдық кеңес өкілдері қатысып, аудан өкімінің 8 айлық есебіне қанағаттанарлық деп бір ауыздан баға берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ақпар тұрақты комиссияда талқыланып, қаралғандықтан сессияда халық қалаушылары бір ауыздан бекітті.

Көтерілген мәселелер бойынша тұлғалардың мәліметі тыңдалғаннан кейін комиссия отырысында ұсынылған шешім жобалары бекітілді.

Өз тілшімізден.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының хабарламасы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2023 жылғы 17 қыркүйекте болған әкім сайлауының Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Жидебай, Кежек, Қызылшарай ауылдық округтерінің сайлау қорытындылары туралы, Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы хаттамасының шешімі негізінде тіркелді.

- 1) Ақтоғай ауылы бойынша **Ұлтықеев Дулан Сәкесұлы**, (тіркелген күні 18.09.2023жыл);
- 2) Кежек ауылдық округі бойынша **Мәкешбаев Мейірбек Әзілханұлы**, (тіркелген күні 18.09.2023жыл);
- 3) Қызылшарай ауылдық округі бойынша **Сламов Серікбол Арманұлы**, (тіркелген күні 19.09.2023жыл);
- 4) Жидебай ауылдық округі бойынша **Ашкеев Қайырболат Толукалыұлы** (тіркелген күні 24.09.2023жыл).

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы

Бірлігі бекем елдің - тірлігі түзу

«Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан, ауылдағы жағдайды жақсарту алмасақ – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы жарлыққа қол қоямын»
ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақ «Бірлік болмай тірлік болмас» деген сөзді бекерге айтпаған. Біле білсек, береке қай жерге орнаса, сол жерде құт пен ырыс қонақтайды. Ал, ондай елдің де, жердің де дамуы тез, тірлігі тындырымды. Міне, сондықтан бірлік пен тұрақтылықтың құнын халқымыз қашанда жоғары қоя білген. Бірлік екі адамның бірлігі, қала берді отбасының, әулеттің, ауылдың, елдің бірлігі. Біз осы орайда біртұтас ауылдың татулығы мен мызғымас тұтастығы жайында айтқымыз келді.

Осы Арқадан үлкен жолға түсіп ойға бет алсаңыз, Балқаш көлін жағалай жатқан қаншама ел бар. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген бабалар сөзінің расында салтанат құрғаны қазір

ауданы құрамына енген. Округте үш елді мекен, Бектауата, Қаработа бөлімшелері, «Алтын Алмас» АҚ, «Ақтоғай Мыс» ЖШС, «Азурит» ЖШС, «БарНЕО» ЖШС орналасқан. Жерінің жалпы ауданы 148889 га. Бұл маңды жайлаған елдің жалпы саны жеті жүзден асады. Ауылдық округ орталығы Ортадересін ауылында жалпы 87 шаңырақ бар. Негізгі кәсібі – балық және мал шаруашылығы. Ауылда халыққа қызмет көрсететін мектеп, кітапхана, клуб, медициналық пункт және ветеринариялық мал дәрігерлік пункті бар. Таяуда аталмыш елді мекенге іссапармен барып атқарылған жұмыстар мен ауылдың ахуалын бағамдап қайттық.



де байқалып жатады. Көк айдыны аспанмен астасып, кер маралдай керіліп жатқан керім көл дүйім елді балығымен асырап отыр. Көк құрақты, жағасы малға жайылым, жанға сая. Көкше теңізге ұмсына орын тепкен сондай құтты мекеннің бірі – Ортадересін ауылдық округі. Бұл ауылдың береке-бірлігін ұдайы өзгелерге үлгі етіп айтуға болады. Табиғаты тамаша, сулы да нулы алқаптың ақеділ адамдары да әркез кеңпейіл. Ауылға қонақ келсе бір кісідей қарсы алып, сыйласа қалсаң, туысындай араласа кететін құтты мекеннің ынтымағы қашанда ажыраған емес.

Тарихына тоқталар болсақ, 1933 жылы қазіргі Ортадересін ауылының жерінде алғашқы тұрақты қоныстанушылар үй салып, Балқаш мыс зауытының қосалқы шаруашылығы болып ашылған. 1978 жылдары Балқаш кеңшары деп аталып, Тоқырауын ауданына қараған. 1997 жылы Ақтоғай

Жыл ішінде жасалған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайын сол елге басшы болып отырған Ортадересін ауылдық округінің әкімі Сейтқали Қрқруов таныстырды.

– Өзім тұратын, өзім қызмет жасайтын ауылым жайында еш қысылмастан мақтау айтуға бармын. Себебі, Ортадересін ауылы – расында бірлігі мен тірлігі жарасқан айдың жағасындағы үлгілі ауылдардың бірі. Үлкені айтатын, кішісі соған тоқтайтын ауылымыздың ақсақалдары да жастарға ұдайы ақыл-кеңестерін айтып, қажет кезде жат әдеттерден тынып отырады. Барлығы да бір атаның баласындай бірге тату-тәтті тұрмыс кешіп келеді. Қашанда «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» тату елде барлығы болады ғой. Ауылдың ішкі көшелері толықтай жарықтандырылған. Көшелердің де 50 пайызы асфальтталған, 50 пайызы шебін жол. Байланыс жақсы. Осының

барлығы ауызбірлігі жарасқан елдің жақсы бір көрінісі деп білемін.

Жалпы ауылдық округ бойынша халық саны 700 адам. Әлемдегі ахуалға байланысты ауыл тұрғындарына санитарлық талаптарды сақтау жөнінде үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылуда. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 жел-

әкімінің бізге берген мәліметіне сүйенсек ауылдық округі бойынша 73 шаруа қожалығы және 2 ЖШС-і тіркелген. Ортадересін ауылдық округі бойынша жұмыс орындарын құру бойынша 3 шаруа қожалығы жұмыскерлерді қабылдаған. Ауыл шаруашылығы жануарларына тән аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, болдырмау және эпизоотиялық



тоқсандағы № 214 шешіміне сәйкес Ортадересін ауылдық округі бюджеті 52 млн 100 мың теңгені құрайды. Оның ішінде елді мекендерді абаттандыру бойынша келесі жұмыс түрлеріне 834 млн 00 мың теңге қаралды. Көше жарықтарын қамтамасыз ету үшін 595,0 мың теңге, ауыл аумағының санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге 3400,0 мың теңге, банерлер, бильборд бойынша 395,2 мың теңге және Ортадересін ауылдық округі әкімдік ғимаратты қоршау жұмыстарына 6 млн 400 мың

тұрақтылықты сақтау мақсатында ауылдық округі аумағындағы 3600 бас мүйізді ірі қара малы, 3250 бас ұсақ малы, 10 бас ит басынан қан сынама алынып, бруцеллез ауруына 2023 жылдың ақпан-мамыр айларында лабораториялық зерттеуден толық өткізілген. Ірі қара малынан 14 бас бруцеллез ауруы анықталып, оларды тиісті жерге апарып, көзі жойылды. 2023 жылдың ветеринариялық профилактикалық іс-шаралардың жылдық жоспары бойынша 100 пайызға орындалды. Бірдейлендіру



теңге бөлінді. Барлығы бюджеттен абаттандыру мен жөндеу жұмыстарына 10790 мың теңге қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. 2023 жылдың 1 тамызына игерілген қаржы 30400 мың теңгені құрайды.

Ауылдың негізгі күн көріс көзі төрт түлігі. Ертемен тұрып, шаруасын шалқытып, малын мыңғытқандар қатары бұл жақта аз емес. Санак бойынша ауылдық округте 5361 бас ірі қара, 7022 бас ұсақ мал, 2127 бас жылқы, 270 түйе тіркеуде тұр. Ауыл

жұмыстары бекітілген жоспарға сай 1933 бас бұзау (100%), 2241 бас козы, лақ (100%), 81 бас бота (100%) сырғаланып, бірдейлендірілді. 550 бас құлын таңбаланған.

–Ай сайын мал ұстайтын ауыл тұрғындары арасында, әкім аппаратының қызметкерлері, учаскелік полиция инспекторлары мен ветеринариялық дәрігердің қатысуымен басқосулар өткізіледі. Күн тәртібінде көшеде қараусыз емін-еркін бос

(Жалғасы 3-бетте).

(Соңы. Басы 2-бетте).

жүрген ауыл шаруашылығы жануарларын бағу, ақылы бағымға қосу туралы және иелеріне осы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі және әкімшілік шара қолданатыны туралы ескертіледі. Балық шаруашылығына келер болсақ, 2023 жылдың 7 айлық өнім өндіру көрсеткіші

қонақжайлығын көрсетіп, аралас-құраласып тұрады. Мәдениет, спорт саласын сөз етсек. Ортадересін ауылы мәдениет үйіне 13 млн. теңге қаржы есебінде жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ұлттық спортты насихаттау мақсатында ауыл тұрғындарының демеушілігімен үлкен бәйге өткізілді. Фейсбук және инстаграмм парақшаларына ауылда



бойынша «Әділет» шарауа қожалығы Тусупов Кордахан – 67673 кг, «Оргкомитет МЖК» ЖШС-і – 59996 кг мұздатылған балық өткізді. Ауылдық округ бойынша 3 кәсіпкердің дүкені бар. Бағаны тұрақтандыру бағытында, кәсіпкерлерді ауылдық округті абаттандыруға, сәулеттендіру жұмыстарына тарту, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетуге тарту жұмыстары ұйымдастырылып отырылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша бүгінгі күні ауылдық округ бойынша электр энергиясы, ауыз су тұрақты түрде беріліп отыр. 2017 жылы ауылға ауызсу тартылған. «Алтыналмас» Ақ компаниясының демеушілігімен Ортадересін ауылына шағын футбол алаңы және Ақжайдақ станциясы, Достық көшесіне толық көше жарығы орнатылады. Ақжайдақ елді мекенінде барлық тұрғын үйлер ауыз сумен қамтамасыз етілді. Ортадересін ауылдық округі әкім аппараты мекемесінің бос тұрған екінші қабатына спорт саласын дамыту бағытында жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін сметалық құжаттары жасалды. Ортадересін ауылындағы әкімшілік ғимаратының сыртқы қоршауы толығымен жаңартылды. Ауылдық округ бойынша сенбіліктер тұрақты түрде өткізіліп, күл-қоқыс тазартылып отырады.

Ортадересін ауылын мекен еткен қазақтың рухани және мәдени тыныс-тіршілігі де көш ілгері. Ауыл тұрғындары атаулы, мәдени күндер мен мейрамдарды ұйымшылдықпен өткізіп,

өткен түрлі шаралар мен атаулы оқиғалар жарияланып отырылады.

Ауылдық округке қарасты Ортадересін жалпы білім беретін мектебінде жалпы 56 оқушы білім алуда. Мектеп ұстаздармен толығымен қамтамасыз етілген.

Әлеуметтік салаға тоқталар болсақ, есепті мерзімде жұмыссыз ретінде 2023 жылы 9 адам тіркелген, барлығы да жұмысқа орналастырылды. Биылғы 2023 жылға қоғамдық жұмысқа 3 орынға сұраныс берілді. Әзірге 2 шарауа қожалығында «Күміс жас» бағдарламасы бойынша 2 жұмыскер қабылданды.

Алда атқарылатын жұмыстар ауқымды. Бүгінде күн тәртібінде тұрған мәселе Ортадересін ауылына кіреберіс 9 км жол талапқа сай емес. Балқаш қаласына қатынайтын автобус жүргізу, Ақжайдақ және Бектауата елді мекендерін тұрақты, сапалы тоқ көзімен камту сынды тұрғындардың тілегін орындау мақсатында жұмыстар жүргізілуде, – дейді ауыл әкімі С.Қрқуов.

«Бақ қайда барасың десе, бірлігі мен ынтымағы бар елге барамын» деген екен. Оған дәлел біз әңгімеге арқау еткен Ортадересін ауылы. Қазақы қаймағы бұзылмаған, бабалар дәстүрін дәріптеп отырған берекелі ауылды басқаларға үлгі етуге әбден лайық. Тентегін тезге салатын ақсақалы бар, келінін келісті етер кейуанасы бар қазыналы елдің бір байлығы болса ол – балталаса да бұзылмайтын бірлігі. Жаратқан содан айырмасын.

«Халықтабысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»

Еңбек – түбі береке

Қазақта ақыл парасатымен, тапқырлығы және тәрбиесімен, дара мінезімен ел жадында жатталған аналар аз емес. Ал бүгінгі қоғамдағы әйел бейнесі – іскер, басшы, қызметкер сынды лауазыммен толыққан. Олар бала тәрбиелеп қана қоймай, кәсіп ашып, оны дамытуда. Статистикалық мәліметтерді сөйлетсек, әйелдер қауымы барлық салада жұмыс істейді.

Міне, отбасы, бала тәрбиесі, сондай-ақ, кәсіпкерлікті қатар алып жүрген аналардың бірі – Ортадересін ауылдық округіне қарасты Ақжайдақ станциясының тұрғыны Нұрсейтова Гүлнара Адылханқызы.

Ол 1974 жылы Ақтоғай ауданы, Ақөлең ауылында дүниеге келген. Туған ауылында 11 жылдық білім алады. Кейіпкеріміздің айтуынша әкеден ерте айрылған Гүлнара өзінен кейінгі үш сінділеріне сүйеу болып, бұғанасы қатпастан еңбекке ерте араласты.

«Бауырларымды жеткіземін, бір отбасының ауыр жүгі мойнына түскен анама көмекші боламын» деген қайсар қыз ерте есейді. Қатарластары секілді арман қуып, жоғарғы оқу орнына да түспеді. Жастайынан үлкендермен қатар әр салада жұмыс жасады.

Еңбекпен есейген кейіпкеріміз бүгінде аудандағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы үлесі үшін ел құрметіне бөленіп жүр. Оның өңір экономикасын нығайту, тұрғындар әлеуетін арттыру мақсатында қосқан сүбелі үлесін көпшілік құрметпен атайды.

Кәсібінен нәсібін тауып, аудандық кәсіпкерлер арасында беделі биік жан 2004 жылдан бастап кәсіпкер болып тіркелген. Ақжайдақ станциясы орталығынан ашқан «Сәнім» атты дүкені бүгінде шағын ауыл тұрғындарын азық-түлік, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлармен қамтамасыз етіп отыр.

Гүлкеннің өмірлік серігі Асқартай Әзімханов Қазақстан теміржолында ПЧ-27 де жол жөндеуші болып еңбек

жылдар өте ұмытылады екен. Расында да, алғашқы кездері қатты қиналдым. Бірақ жолдасымның қолдауымен басымнан өткерген қиыншылықты ұмытып кеттім. «Еңбек – түбі береке» деген. Бүгінде сол бейнетті жылдардың зейнетін көрудемін. Аллаға мың шүкір етемін, балаларым өсіп-жетіліп, қолқанатым болуда, – дейді кәсіпкер.

Адам баласы бұл жалған дүниеге пенде болып келген соң, міндетті түрде



етеді. Отағасы екеуі өмірге 4 бала әкеліп, солардың қызығын қызықтауда. Тұңғыш қызы тұрмыста. Одан екі жиен немере көрсе, екінші қызы Қарағанды университетінде журналистика мамандығы бойынша 4 курс студенті. Ал, 2 қызы Балқаш қаласында 9-11 сыныптарында оқиды. Үйдің де, түздің де шаруасын дөңгелетіп, ерінің қас-қабағына қарап, балаларын тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін Гүлнараның бар болмысы қазақтың ибалы келіншегінің шынайы көрінісіндей.

– Кәсіп ашу қиын болғанымен, оның қиыншылығы

жақсылықты істерімен жан-жағына шуағын шашып, түнілгеннің басын, қуанғанның шашбауын көтеру – ол парыз. Сондай жүрегі жақсылыққа толы жандар арасында Г.Адылханқызының орны бөлек.

Бүгінгі кейіпкеріміздің жүзіне қарап нағыз ерте тән қайраттың, қажырдың ізін көргендейміз. Батылдық, өмірге деген сүйіспеншілік оның әр сөзінен сезіліп тұр. Ең бастысы – ертеңі еңселі еліне, тәуелсіздік жылдарында қабырғасы қатайған жеке кәсібіне сенеді.

Сенбілік – тазалық кепілі

Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы орайда Ортадересін ауылында дүниежүзілік тазалық күні акциясы ұйымдастырылып, ауыл тұрғындары өз үлестерін қосты. Ауыл әкімі С.Қрқуов бастаған тазалық жанашырлары аз уақыттың ішінде айналы тазартып, ауыл келбетінің келісті болуы үшін тер төкті.

–Тазалық айлығы ауылымызда жыл сайын ұйымдастырылады. Бұл акция өз кезегінде қоршаған ортаны таза ұстауға, жастарды, жас ұрпақты тазалыққа, жауапкершілікке, табиғатты қорғауға деген жанашырлыққа үндейді. Мемлекеттік мекеме ұжымдары өздеріне бөлінген аумақты тиянақтылықпен, үлкен жауапкершілікпен күл-



қоқыстан тазартса, ауыл тұрғындары тазалық жұмыстарына жоғары деңгейде атсалысты. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы шаралар жалғасады, – дейді ауылдық округ әкім аппаратының бас маманы Н.Амирханова.

Бұл шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-

қатынасын қалыптастыруға және көшелеріндегі тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне қоғам назарын аудартуға, санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды.

Бетті дайындаған
Думан Аманкелдіұлы.

Шашубайдағы игі бастамалар

Соңғы жылдары өркендеп-өскен кентіміз өрелі істерге нық қадам басып, өрісі биік өміршең жобалар бүгінде ел игілігіне айнауда. Қазіргі таңда 3 мыңға жуық тұрғын өмір сүріп жатқан Шашубай кенті күн сайын көркейіп, келбеттеу түсуде. Көкше теңіз жағалауынан орын тепкен мекеннің тыныс-тіршілігі Балқаш көлімен өзектес, тағдыры тамырлас. Бір-біріне елді мекеннің өткен өмірін

өкімі және жеке тұлғаның жалға алған жертелімін мемлекет меншігіне қайтару туралы 1 өкім шығарылды. Кент әкімі аппаратында орналасқан «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» бойынша барлығы 22 қызмет көрсетілген. Сонымен қатар, әлеуметтік желіде тікелей эфирлер мен жиналыстар жүргізілді.

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 214 шешіміне сәйкес Шашубай кентінің

бюджеті 163 млн. 021 мың теңге. Бүгінгі таңда түзетілген, бекітілген бюджет 295 млн. 347 мың теңгені құрайды. Оның ішінде елді мекендерді абаттандыру бойынша 175 млн. 935 мың теңге қаралды. Токтала кетсек жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражатқа Шашубай кентіндегі

суару жүйесін ағымдағы жөндеу жұмыстарына – 1 млн. 898 мың теңге, қолданыстағы құл-қоқыс төгетін контейнерлердің қоршауларын ағымдағы жөндеу – 1 млн. 600 мың теңге. Кенттегі Ғарышкерлер, Сейфуллин көшесіндегі № 1 және 2 көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін ағымдағы жөндеу жұмыстарына аудандық бюджет есебінен қаражат бөлінді. Ақтоғай аудандық мәслихатының

Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мердігер – «Golden Build» ЖШС-і (445,0 мың теңге). Шашубай кентінің әкімдік ғима-ратының ағымдағы жөндеу жұмысына – 34 млн. 720 мың теңге) жалпы барлығы бюджеттен абаттандыру мен жөндеу жұмыстарына 214 896 мың теңге қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. 2023 жылдың 1 тамызына игерілген қаржы 56 500 мың теңгені құрайды.

Шашубай кентінің 2023 жылға арналған кірістері бойынша нақтыланған, түзетілген бюджет 295 347,0 мың теңгені, ағымдағы жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша жоспар – 126 300,0 мың теңгені құрайды.

2022 жылға кірістер бойынша түзетілген бюджет 373 733,0 мың теңгені, 31.07.2022 жылға – 146 092,0 мың теңгені құрады. 2023 қаңтар мен шілде аралығындағы кезеңде бюджетке түсетін жалпы салық түсімдерін тарқатып айтсақ, салық түсімдері 9 146,6 мың теңгені немесе нақтыланған, түзетілген жоспардың 92,4 пайызы. (2022 жылы 7 айда 6 176,0 мың теңге түсті, ағымдағы жылмен салыстырғанда 2 970,6 мың теңгеге немесе 48,1 %-ға төмен). Салықтық емес түсімдер 206,1 мың теңгені немесе нақтыланған, түзетілген жоспарға 64,4 % құрады (2022 жылы 7 айда 281,9 мың теңге түсті, ағымдағы жылмен салыстырғанда 75,8 мың теңгеге немесе 36,8 %-ға ұлғайған);

Аудандық бюджеттен трансферттер түсімі 123 743,0 мың теңгені немесе нақтыланған, түзетілген жоспарға 43,5 % құрады (2022 жылы 7 айда 144 452,0 мың теңге түсті, ағымдағы жылмен

Барлық коммуналдық қызметтер бойынша авариялық жағдай орын алу көрсеткіштері – төмен, коммуналдық мекемелер өз жұмыстарын тиісті деңгейде атқаруда. Автомобиль жолдары – 80 % асфальт жабындысымен, 2023 жылы 95 % деңгей көрсеткішке жеткізу жоспары тұр.

2023 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша аудандық бюджет есебінен қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу веб портал арқылы ашық конкурс жарияланып, мердігерлер анықталып, жұмыстарын атқаруда. Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көгалдандыру, құл-қоқыстан тазарту бойынша көктемгі екі айлық шараларын ұйымдастыруға байланысты кент бойынша нақты айлық іс-шарасы жасалып, мекемелер, кәсіпорындар басшыларына, жеке меншік иелері қағаз жүзінде тапсырмалар берілді. Адамдар жүретін көрнекті жерлерге (үйлердің подъездері, дүкендер, ғимараттар есіктеріне) тұрғындардың сенбілікке, тазалық бейсенбілігіне шығу жөнінде шақыртықтар ілінді, ватсап месенджері бойынша да үнемі хабарлама беріліп отыр. Бүгінгі күнге 17 сенбілік, 11 тазалық бейсенбілігі өткізілді, қыстан жиналып қалған 12 жердегі ұйымдастырылмаған құл-қоқыс орны тазартылып, шамамен 350 тонна құл-қоқыс, құрылыс сынықтары шығарылды.

Кент бойынша қоғамдық жұмыста 7 (жеті) адам күнделікті көше тазалығын қамтамасыз ету жұмыстарын атқарып жатыр.

Электр тоғы желісінде қатты ұйтқыған желде болған 10 апаттық жағдайда шұғыл шара ұйымдастырылып, халықты электр жарығынсыз қалдырмау әрекеті уақытында жасалды, жұртшылық ризашылығын білдіруде.

Жалпы, 2023 жылы кентімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша игілікті жұмыстар атқару жоспарланған. Кент бойынша 2023-2024 жылдарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша жоспарлар мен міндеттерге тоқталсақ Ж.Ақбергенұлы – 6, Ж.Ақбергенұлы – 2 үйлерінің аулаларын абаттандыру, Шашубай көшесіне балалар ойын және спорт алаңы салу, Қараменде би, Шашубай (Киров) көшелерінің жарық шамдарын жөндеу жұмыстары және С.Сейфуллин, Ғарышкер көшелеріне суды бұру (кәріз) жүйесіне құрылыс жобасы бюджеттік өтінім бюджет қарауына жолданды

Ауыл шаруашылық есепке алу журналындағы мәліметтер бойынша, 2023 жылдың II тоқсанының 8 айлық көрсеткішіне сәйкес, кентімізде мал мен құс ұстайтын үйлердің саны – 76. Кент бойынша үй құстары 1000 бас және барлық мал басы 338 басты құрайды. Шашубай кенті бойынша шаруа қожалықтары тіркелмеген. Ауыл шаруашылығы жануарларына тән аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын

(Жалғасы 5-бетте).



көз алдыңызға елестете алмайсыз. Маңайын мекен еткен елдің ырыс-нәсібіне айналған көк теңіздің жағаны ұрған толқыны мен кенттің тыныс-тіршілігі бірге қайнап жатыр. Көл жағалауында құлашын кеңге жайып, заманауи үлгіде дамып келе жатқан Шашубай кенті соңғы жылдары келбеті түбегейлі жаңғырды, өзгерді, жанарды, жасарды.

Экономикасы артқан сайын кеңге қанат жаюда. Шашубайда көл жағалауын тиімді пайдалану жағы артып келеді. Жергілікті кәсіпкерлердің туристік базалары қарқынды қанат жайып, жаңа нысандар бой көтеруде. 2023 жылдың 8 айында құжат айналымы және іс-шараларына тоқталсақ, жеке және заңды тұлғалардың өтініш, арыздары мұқият және уақытылы қаралып, орындалуына жергілікті атқарушы орган үлкен назар аударды. Жыл басынан бері жеке және заңды тұлғалардан 85 өтініштер тіркелді, оның ішінде жеке тұлғалардан 64, заңды тұлғалардан 21. Коммуналдық сала бойынша 6 өтініш, денсаулық саласы 2, сайлау бойынша 1, адвокаттық сұраныс 5, жер телімін жалға және жеке меншігіне алу туралы 50 өтініш (оның ішінде 10 өтініш құжаттарының толық болмауына байланысты кері қайтарылды). Заңды тұлғалар бойынша коммерциялық ұсыныс 4, тұрғын-үй саласы 6, қайырылымдық көмек 1, аукцион 1, жер телімінің шекараларын анықтау 2, интернет байланысы 1, жер телімін жалға алу туралы 4 өтініш. Жеке қабылдаулар – жыл басынан әр сейсенбі мен бейсенбі күндері өткізіліп тұрады. 108 адам жеке қабылдауымыз болып, сұрақтары қанағаттандырылды. 21 тұрғынның мәселелері бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Жеке және заңды тұлғалар бойынша жер телімдерін жалға алуға және коммуналдық-мемлекеттік меншікке беру туралы кент әкімінің 42



өткен 3 сессиясында Жағалау көшесіндегі аула аумағын абаттандыру жұмыстарына 35 млн. 840 мың теңге, Жағалау, Ж.Ақбергенұлы, Ихамбаев көшелеріндегі жасыл желекті суару құбырларына жөндеу жұмыстары 36 млн. 960 мың теңге қаралды.

2022 жылға арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес жергілікті бюджеттен басқа да жөндеу жұмыстары және қызметтерге 38 млн. 961 мың қаражат бөлінді және келісім-шарттар жасалды. Көше жарықтарын қамтамасыз ету үшін конкурс жеңімпазы мердігер «СКУ-50» ЖШС-і (2 млн. теңге). Кент аумағының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету үшін конкурс жеңімпазы мердігер «Golden Build» ЖШС-і (1 млн. 796 мың теңге).

салыстырғанда 20 709,0 мың теңгеге немесе 16,7 %-ға ұлғайған).

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы жайын сөз етсек Шашубай кентіндегі тұрғын үйлер саны – 284, оның ішінде көп қабатты үйлер – 11. Бос тұрған (каркас) бес қабатты 4 үй бар, ондағы жалпы пәтерлер саны – 340. 96 пәтерлі Ж.Ақбергенұлы көшесі № 9 үйдің құрылысын биыл аяқтау жоспарланған. Баспана кезегінде 210 адам тіркелген. Тұрғындар орталықтандырылған таза ауыз су, суды бұру (кәріз), электр энергиясы және көп қабатты үйлер орталықтандырылған жылу энергиясымен қамтамасыз етілген. 2022-2023 жылға жылу беру маусымы тұрақты, штаттық режимде өтті.

Ілкімді тірлікке бастайды

(Соңы. Басы 4-бетте).

алу, болдырмау және эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында мал басынан қан сынағасы алынып, бруцеллез ауруына лабораториялық зерттеуден толық өткізілді. Оң нәтиже көрсетіп, ауруға шалдыққан мал басы анықталған жоқ. Бірдейлендіру жұмыстары бекітілген жоспарға сай орындалды. Ай сайын мал ұстайтын ауыл тұрғындары арасында әкім аппаратының қызметкерлері, учаскелік полиция инспекторлары мен ветеринариялық дәрігердің қатысуымен түсіндірме жұмыстары өтеді. Күн тәртібінде көшеде қараусыз емінеркін бос жүрген ауыл шаруашылығы жануарларын бағу, ақылы бағымға қосу туралы мал иелеріне осы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі және әкімшілік шара қолданатыны туралы ескертіледі. ҚР ӘҚБтК-нің 408/1 бөлігімен, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзғаны үшін – 9 хаттама, ҚР ӘҚБтК-нің 383/1 бөлігіне сай, яғни балық аулау қағидаларын бұзғаны үшін – 5 хаттама толтырылып ескертулер мен айыппұлдар салынды.

Балық шаруашылығында 2023 жылдың 8 айлық өнім өндіру көрсеткіші 346 тонна, оның ішінде балық филесі – 68 тонна, мұздатылған балық – 278 тонна.

Өнімнің жалпы құны 102,6 млн. теңгені құрайды.

Иесіз жүрген ит пен мысықтар бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

ҚР «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» 30.12.2021 жылғы Заңына сәйкес панажарды салу мен күтіп ұстау жұмыстары жоспарлануда. Бірінші кезекте волерлер салу, сметалық құны 1 570 мың теңге, құжаттары әзірленген.

Шашубай кентінің жалпы жер көлемі 3000 га. Ауыл шаруашылығы мақсатында, оның ішінде жайылымдық және шабындық жерлер жоқ. Биылғы жылы жерді ұтымды пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылды.

Жер заңнамасының нормаларын түсіндіру жөніндегі жұмыстары кент тұрғындарына тұрақты негізде жүргізіліп тұрады. Жер телімдерін жалға алып, пайдаланбаған (құрылыс жұмыстарын жүргізбеген) 7 жеке тұлғаға жазбаша ескерту (жалға алған жер телімінің пайдалану мерзімін ұзарту немесе мемлекет меншігіне қайтару туралы) берілді, 1 жер телімі (0,1000 га) мемлекет меншігіне қайтарылды және 1 жер телімі бойынша мемлекеттік жер қорына қайтаруға қатысты Ақтоғай ауданының жер қатынастары бөліміне қызметтік хат жолданды. 2023 жылдың 8 айлығында жер телімдеріне қатысты 49 өтініш тіркелді, оның ішінде жеке тұлғалардан – 45 өтініш, заңды тұлғалардан – 4 өтініш.

Кәсіпкерлік саласы бойынша 1 орта, 37 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Кәсіпкерлікті дамытуға, қолдауға, дамыту бағдарламаларын жасау мен оны жүзеге асыруға мемлекеттік тұрғыдан ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл тұрғыдан алғанда



мемлекет тарапынан қабылданатын іс-шаралардың негізгі мақсаты кәсіпкерліктің дамуы үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды қалыптастыру. Кентіміздің кәсіпкерлеріне «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен жұмыстар атқаруға, консультациялық көмек алуға толық мүмкіндіктер қарастырылған. Бағаны тұрақтандыру және негізсіз өсуіне жол бермеу мақ-



сатында апта сайын кент әкімшілігі тарапынан 19 түрлі әлеуметтік азық-түлік тауарларының бағалары тексеріліп, мониторинг жүргізіледі.

Ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныстың өсуіне және бағаны тұрақтандыру үшін кентімізде 2023 жылдың IV тоқсандарында «Ауыл-береке» жәрмеңкесін өткізу жоспарлануда. Кентіміздің тұрғындарын кәсіпкерлік бағытында қолдау мақсатында 5 жер телімі аукцион жариялау үшін Ақтоғай ауданының жер қатынастары бөліміне құжаттары жолданды. Жер телімдері қорығындығы шыққан жағдайда кәсіпкерлік мақсатта нысандар салынатын болады.

«Аграрлық несиесі корпорациясы» кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін немесе кәсіпкерлікпен айналысатын 21 мен 35 жас аралығындағы жастарға конкурстық негізде 2,5% дан аспайтын шағын несиесі қарастырылған. Несиесі алу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді, ниет білдірген 2 тұрғынның құжаттары өткізілді.

Шашубай кенті бойынша 4 әлеуметтік

жұмыскер жұмыс жасайды, оның ішінде 3 әлеуметтік жұмыскер 28 жалғызбасты зейнеткерлер, ал 1 әлеуметтік жұмыскер 6 мүгедек жандарға қызмет көрсетеді (жалпы кент бойынша 16 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектәулі балалар саны – 9). Әлеуметтік қыз-



меткерлер қызмет алушыларға 8 түрлі қызмет көрсетеді. Ондай мамандар адамдарды әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-құқықтық салалар бойынша көмектеседі. Әлеуметтік қызметкерлер бір адамға аптасына екі мәрте 1,5-2 сағаттан уақыт бөледі.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін ауруларға» мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына бір реттік әлеуметтік көмек алуға құжат өткізген 22 адамға көмек көрсетілді. Демешілер көмегімен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үнемі көңіл бөлінеді.

«Шашубай кенті әкімі аппараты» ММ кент бойынша 16 адам жұмыссыздар есебінде тіркелген, олардың 10-ы қоғамдық жұмысқа тартылып, еңбек шарттары жасалған. Дипломы болған жағдайда мамандығына сай жұмысқа сұраныстар түссе жолдамамен жіберіледі. Әр тоқсан сайын бос жұмыс орындары қарастырылып мониторинг жасалып отырады.

2022 жылы Шашубай кентінің отбасылық-дәрігерлік амбулаториясы ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді және жиһаздары жаңартылды. Көп жылдан проблемалық мәселе болып келген жылумен қамтамасыз ету биыл шешімін тапты – ғимараттан тыс жаңадан модульдік қазандық орнатылды. Дәріханамен қамтылған, жаңадан рентген құрылысы орнатылды.

Кент жастары тарапынан еріктілер топтары құрылып, облыстық «Қайырымды істер марафоны», «Ардагерлерді ардақтайық» акциялары ұдайы ұйымдастырылып келеді. 2023 жылдың жаз мезгілінде үш ай бойы (маусым, шілде, тамыз) «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмыс маусымы басталды. Онда кентіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасыларынан шыққан 14-34 жас аралығындағы жастар құжаттарын тапсырып еңбек жасақтарына кірісті. Барлығы 30 бала. «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмыстары 1 маусымда басталып, 30 тамызда аяқталды.

Кент тұрғындары арасында жыл

бойында түрлі бұқаралық спорт ойындары жүргізіліп тұрды. Оның ішінде кент әкімінің кубогіне шағын футболдан турнир, ауыспалы кубокқа баскетболдан турнир. Сонымен бірге, тарихи естелік ретінде, кент тұрғыны, мектеп түлегі болған Гауһар Сайлаубек Әлем чемпионы атанды – 1-7 қазан аралығында Италияның Лидо-ди-Езоло қаласында кикбоксингтен әлем чемпионатында алтын медальді жеңіп, елімізге оралды.

Ұлттық спортты дамыту аясында құмай тазылар арасында «Қансонар-2022» аймақтық біріншілік өткізілді. Жарысқа 50-ден астам тазы асыраушылар қатысып, жеңімпаздары бағалы сыйлықтар, кубок, медаль және дипломдармен марапатталды.

Шашубай кентіндегі «Мектеп – бөбекжай кешені» базасындағы Тірек мектебі (РО)» КММ Мектеп 1970 жылы салынған. Онда 62 педагог жұмыс атқарады. Кент мектебінде 648 оқушы білім алууда, оның ішінде мектеп алды даярлық сыныбында – 44 бала. Балабақшада 87 бала тәрбиеленеді, 4 топ, 12 оқытушы мұғалім, 15 техникалық персонал жұмыс жасайды.

Шашубай кентінің мектебі аудан бойынша ірі білім ордаларының бірі болып және ресурстық орталық, тірек мектебі статусына ие. 2022-2023 оқу жылында 66 бала бірінші сыныпқа барды, 38 тұлғек мектеп бітірді, оның ішінде 2 тұлғек «Алтын белгіге», 2 тұлғек үздік аттестатқа бітірді. Көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар жыл басынан ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Шашубай кентінің сәулетін алып тұрған бос ғимараттар бойынша абаттандыру ережесіне және қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес иелерімен тиісті жұмыстар атқарылуда. Атқарылған жұмыстар көп, алайда шешімін күтіп тұрған мәселелер де жоқ емес. Бүгінгі күнге шешімін таппай қордаланған мәселелер және оларды шешу жолдары туралы тарқатса Шашубай кенті бойынша барлығы 28,85 км 0,4; 10 кВ электр желілері және 12 дана трансформаторлық подстанциялар иесіз мүлік болып табылады. Қызмет көрсетуші мекеме, кәсіпорынның жоқтығынан кент әкімшілігі тұрғындары электр жарығынсыз қалдырмау мақсатында жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруда. Кент орталығындағы бос тұрған көп қабатты үйлерін қалпына келтіру (4 бес қабатты үй, 340 пәтер). Шашубай кентінің барлық тұрғын үйлерін орталық жүйесіне қосу және С.Сейфуллин, Ғарышкер көшелеріне орталықтандырылған суды бұру жүйесін салу. Тұрғындар тарапынан бұл сауал бірнеше жыл көтерілуде.

Жүйелі жұмыстардың арқасында іргелі елді мекеннің сәулеті мен дәулеті артып, күннен күнге келбеттене, жарқын болашаққа батыл қадам басып барады. Тарихи тамыры тереңнен тартқан, аудандағы әлеуеті жоғары ауылдардың бірі – Шашубай кентінің келешегі кемел, болашағы ерен болмағын осындай келелі істерден көруге болады.

Н.Мангишев,
Шашубай кентінің әкімі.

Ауыл – қазақтың алтын қазығы

Еліміздің тірегі ауыл екені бесенеден белгілі. Сондықтан ауыл халқының әлуетін көтеріп, өңірлерді өркендету – мемлекеттің алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осыған сәйкес, бүгінде білім мен денсаулық, спорт пен мәдениет, басқа да әлеуметтік салаларды дамытуға баса мән беріліп келеді. Соның нәтижесінде, жыл санап жұрттың жүрек жолы ауыз су, жарық пен жылу мәселелері біртіндеп оң шешімін тауып, ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің бәсекелестік қабілетін арттыруға жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Мемлекеттік бағдарламалар арқылы көкжиегі кеңейіп отырған елді мекеннің бірі ауданға қарасты – Қараменде би ауылдық округі. Ауылдағы ағайынның бүгінгі ахуалы жайында аталған ауылдық округке барған іс сапарымыз барысында танысқан болатынбыз. Елді мекеннің тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат берген ауыл әкімі Қайрат Азирев бізге атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндап берді.

– Иә, ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргесінің қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, мектеп ауыл жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы, ел бірлігінің алтын қазығы болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа президенттік мерзімге

жылдың I шілдесіндегі мал санағы бойынша жылқы – 2199 бас болса ірі қара малы – 3185 бас. Ұсақ мал – 6177, құс – 814 бас болды. Былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда барлық мал басында өсім бар. Ауыл шаруашылығы жануарларына тән аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, болдырмау және эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында округ аумағындағы 1911 бас ірі қарадан қан сынағасы алынып, бруцеллез ауруына



жұмыстары жүргізілген. Асыл тұқымды мал шаруашылығы – сапалы және таза мал тұқымы өсірілетін ауыл шаруашылығының бір бөлігі. Бүгінде саннан сапаға мән беріліп, қолда бар мал тұқымдарын асылдандыру жұмыстары қолға алынып келеді. Бұл ретте, ауылдық округке қарасты «Қуандық», «Нұршат» шаруа қожалықтары асыл тұқымды қазақтың ақбас тұқымын өсірумен айналысады.

Ауылдағы инфрақұрылымды дамыту маңызды

Кез-келген мемлекеттің, қоғамның ілгері басына оның құрылыс, сәулет саласына қарап баға беруге болады. Құрылыс саласы – қашанда экономиканың негізгі іргетасы екендігі айқын. Сондықтан да, құрылыс саласының дамуы елдің экономикалық күшеюі мен әлеуметтік жағдайының артуына тікелей байланысты.

– Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы бойынша электр энергиясын беруде жауын-шашын салдарынан Жидебай ауылдық округіндегі желілерден ақаулар шығып жиі өшуде. Ақтас ауылының ауыз су жүйесінен ақау шығып, қалпына келтіріліп, жаңадан оператор



лабораториялық зерттеуден толық өткізілді. Оң нәтиже көрсетіп, ауруға шалдыққан мал басы анықталған жоқ. Бірдейлендіру жұмыстары бекітілген жоспарға сай орындалыпты.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Қарағанды облысына несие беру туралы ақпараттарды жиын-кездесулерде және әлеуметтік желілер арқылы тұрғындарды үнемі хабарландыру, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде. «Нұрлат», «Береке» шаруа қожалықтары несиеге шөп баулағыш алса, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша «Жәмел», «Ыстыбұлақ»



сайланарда ауылды өркендету ісін ерекше назарында ұстайтынын баса айтты. Президент ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қойып, Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырды. Жалпы ауылдық округте бес жүзге тарта адам тұрады. Тұрғындардың дені ауылдағы мемлекеттік мекемелерде қызмет етеді. Одан бөлек, шаруа қожалығы мен сыртта жұмыс істейтіндер де бар. Жұмыссыз жандарды қолдан келгенше назардан тыс қалдырмауға, мүмкіндік болса екі қолға бір күрек тауып беруге тырысамыз. Ауылда 42 шаруа қожалығы тіркелген. Сонымен қатар кәсіпкерлік бағдарламалар арқылы білімін жетілдіріп, жаңадан кәсіп ашып жатқандар да жетерлік. Мұнда әлі де атқарылар істер ауқымды. Ел үшін жасалар бірқатар жұмыстың жоспары да дайын. Елдің ішкі жағдайының тұрақтылығы, кәсіпкерлікті дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашу – алға қойып отырған басты мақсатымыз. Ел игілігі жолында еңбек етіп, ауылдың әлеуметтік жағдайын көтеріп, кәсіптің көкжиегін кеңейтсек – біздің міндеттің орындалғаны, – дейді Қараменде би ауылдық округінің әкімі Қайрат Азирев.



кооперативтері құрылып, МТЗ тракторларын сатып алған.

«Қыс шанаңды, жаз сайла» демекші қысқы мал азығын дайындау жұмыстары әлі де жалғасуда. Ауыл әкімінің мәліметінше жоспар 17500 тонна болып орындалған.

Шөптің бағасын қымбаттатпауға байланысты шаруа қожалық жетекшілерімен екі жақты меморандум жасалған. Шөпті сатып алатын отбасыларға арзандатылған шөп пен демеушілік арқылы тегін шөп беруге шаруа қожалық жетекшілерімен келісу

тағайындалды. Қуаныш ауылының ауыз су жүйесін іске қосу жыл соңында аяқталады деп күтілуде. Ақтоғай-Ақтас бағытындағы көтерме жолға күтіп ұстау қаражаты есебінен автогрейдермен қыру жұмысы жүргізілді. Тағы да жөндеу қажет екендігі тиісті мекемеге хабарланды, – дейді ауыл басшысы.

Әкім ақпарына сүйенсек, Қуаныш ауылының балалар ойын алаңы пайдалануға берілсе, Ақтас ауылына балалар ойын алаңдары салыну үстінде. Сонымен қатар, Ақтас ауылында М.Смагуловтың демеушілігімен имандылық үйі күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген. Ақтас ауылының клуб үйі мен әкімшілікке, су тартылмаған үйлерге аудандық мәслихат депутаты Е.Керімбайдың көмегімен су тартылған. Ақтас, Қуаныш ауылдарына медициналық пункт салу үшін жерінің құжаттары жасалып, ұсынылыпты.

Әлеуметтік сала – мемлекет әлуетінің көрсеткіші

Халықтың әлеуметтік жағдайы – қай кезде де бірінші кезекте тұруы тиіс. Бұл жайында Президент кеңінен айтып, әлеуметтік саланы көтеруге нақты тапсырмалар беріп келеді.

Әлеуметтік сала – халық тұрмысының индикаторы, мемлекет әлуетінің көрсеткіші. Ел азаматтары тұрақты жұмыспен қамтылса, әр жоба бойынша нақты іс жүзеге асырылса, онда нәтиженің оң болғандығы. Округ бойынша 1 әлеуметтік жұмыскер жұмыс жасайды.

Елімізде әлеуметтік қызметкерлер 5 санаттағы (Жалғасы 7-бетте).

Ауыл шаруашылығы – мемлекетті дамытатын сала

Ауыл шаруашылығын дамыту – мемлекетті алға сүйреу, оның келешегін ойлау. Ауылшаруашылық өнімін өндіретіндер – ауылдықтар. Өйткені, олардың тұрмысы мен табысы ауылмен, жермен байланысты. Қараменде би ауылдық округі ата кәсіпті нәсіп еткен, төрт түлігін өмір өзегіне айналдырған мекен. 2023

(Соңы. Басы 6-бетте).

азаматтарға жәрдемдеседі. Атап айтсақ: психоневрологиялық ауытқуы бар балаларға, тірек қиымыл апараты бұзылған, мүгедек балаларға, психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге, жалғызбасты қарттарға, бі-рінші, екінші топтағы мүгедектер әлеуметтік қызметкерлердің көмегін пайдалана алады.



Демеушілер көмегімен әлеуметтік жағдайы төмен 2 отбасыға көмек көрсетілді. Мал асырайтын әлеуметтік жағдайы төмен, жалғыз басты адамдарға демеушілер арқылы шөппен қамтамасыз етіліп, көмек берілуде.

Әкімшілікке жыл басынан 22 адам жұмыссыздар есебінде тіркелген, олардың 10-ы қоғамдық жұмысқа тартылды, 1 адам қайта даярлау курсына оқуда, 5 адам шаруа қожалықтарына маусымдық жұмысқа орналасты. 1 жұмыссыз тұрақты жұмыспен қамтылды. Жұмыссыз адамдарды мемлекет тарапынан оқыту мен қайта даярлаудың курстарын тегін оқытып, еңбекке бейімділігін нығайтуда. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудағы үшінші бағыт – еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, ауылдық елді мекендерді дамыту жұмыстары жалғаса береді.

Қазақ жүрегі – ауыл мектебі

Білімнің шамшырағын жағып, нәрімен сусындатқан мектепті халық қашанда қадір тұтады. Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, білімді, өнерлі азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің

қара шаңырағына айналған Ж.Ақбай атындағы жалпы орта мектебі, С.Ибраев атындағы негізгі білім беретін мектебінің педагогикалық ұжымы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде тынбай еңбек етіп келеді. Алайда, округтегі екі мектепте де бала санының азаюы күрделі мәселе. Ауыл әкімінің айтуынша негізгі мектеп мәртебесін сақтап қалу үшін жұмыстар жүргізілуде. Көшіп келетін отбасыларға Қуаныш ауылынан 2 тұрғын үй сатып алу үшін қаражатқа сұраныс берілген. Білім бөлімі арқылы екі мектептің жылу қазандықтары



сыртқа шығарылыпты.

Ауыл спортын дамытуға жағдай жасалып жатыр

Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау ұрпақ тәрбиелеу бұл бүгінгі күннің басты межесі. Өйткені, дамыған отыз елдің көшіне ілесу жолында бәсекеге қабілетті, ой-өрісі озық ұлттың ұрпағы ғана тегеурінге төтеп бере алады. Сондықтан, еліміздің спорт саласына баса назар аударылып, дене шынықтырумен шұғылданатын азаматтарға барлық жағдай жасалып жатыр. Аудан спортының дамуына қарамендебилік жастардың қосар үлесі қомақты. Спорт нұсқаушының және ауыл жастарының ұйымдастыруымен әр мереке сайын, ауыл күнінде ұлттық спорт түрлерінен

жарыстар өткізу дәстүрге айналған. XXXV аудандық «Сарыарқа-2023» ауыл спортшыларының жазғы спартакиадасына қатысып, үшінші орын иеленді.

Ал мәдениет саласына келсек, 2023 жылы округ тұрғындарына мемлекеттік мереке мен кәсіби күндері аталып өтеді. Сонымен бірге, кітапханада оқырмандар үшін тақырыптық кітап көрмелері мен мерекелік шаралар үнемі жүргізіліп келеді.

PS: Ел дәулеті мен сәулетіне өз үлестерін қосуды мұрат тұтқан ауыл тұрғындарының басты мақсаты – туған өлкені уақыт талабына сай дамыту. «Алтай ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген қанатты қағидаға сүйеніп, ауыл ақсақалдарының ақыл-кеңесіне жүгініп, бірлігімізге сызат түсірмеу жолында ынтымағымыз жарасқан күйі кемел келешекті бетке ала береміз» дейді қармендебиліктер. Шағын ауылдың етек-жеңіні қымтап, абыройын асырып, түтінін түзу ұшыруда тыңғылықты еңбектерімен тер төгіп келе жатқан мемлекеттік қызметкерлердің де еңбегін атап өту ләзім. Атқарылар игі істердің жемісін алдағы күндерден үлкен үмітпен күтіп отырған би ата ауылының әрбір тұрғыны еңбекпен келген нанның тәтті боларын жақсы түсінеді.

Мәдени мұра

Мәдениет ошағы - ауылдың рухани айнасы

Ақтоғай ауданында мәдениет ошақтарының бүгінде атқарып жатқан шаралары толайым десек те болады. Мәдениетке көңіл бөлу және оның жағдайын жақсарту мәні зор іс. Өңірдегі мәдениет ошақтарының дерлігінің мақсаты мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, салт-дәстүрді жаңғыртып, өнерді насихаттау. Фестивальдер мен байқаулар өткізе отырып жас таланттарды шыңдау болып табылады. Осы айтылған міндеттің барлығының орындалуына атсалысып жүрген Қараменде би селолық округі Ақтас клуб үйінің жетістіктері де қуантарлық. Әр атқарылған істің астарында қаншама адамның еңбегі жататыны белгілі. Әсем безендірілген сахнада ән айтып, би билеу, сахналық қойылымдар қою бір қарағанда оңай жұмыс болып көрінгенімен, онда қаншама адамның қажыр-қайраты, маңдай тері, ынта-жігері, қолтаңбасы бар.

Бұл турасында аталған клуб үйінің меңгерушісі Дидар Сейдуалиева:

–Кез келген мемлекеттің толыққанды дамуы жолында мәдениет саласы ұмыт қалмайды. Оның ішінде ауыл мәдениетінің де алар орны ерекше. Ауыл мәдениеті – ұрпақтан-ұрпаққа сақталған салт-дәстүрі, қаймағы бұзылмаған ана тілі, құндылығы арта түскен қолөнерімен құнды. Ауылдың басты мәдени ошағы

– ауылдық клуб екені баршаға аян. Халық шығармашылығының дамуын үйлестіріп келе жатқан клуб үйінің жоспарлары аз емес. Өнердің басым бөлігі ауылдан шығады.



Дауысы таңдай қақтыратын әнші де, домбыраның құлағында ойнайтын күйші де ауылда. «Ауылдың алты ауызы» атанған өнерлі үлкендер де, талантты жастар да көп. Мәдениет ошағының жас өспірімдерді тәрбиелеуде маңызы өте зор. Мұнда балалар өздерінің талантын шыңдап, рухани да дем алып қалады және қоғамдық шараларға өз үлестерін

қосады. Жыл он екі ай жұмысы тоқтамайтын Ақтас ауылдық клуб үйі жазғы маусым айында балалардың демалыс күндеріне мәдениет үйі қызметкерлері үш айға жоспарын

жасап, көптеген іс-шаралар, концерттер өткізіп, тұрғындарға атаулы күндерде мерекелік-көңіл күй сыйлады. Жаз айларында ауылдық клуб үйінің атқарған жұмыстарына тоқталсам 1- маусым балалар күніне орай мектеп ұжымымен бірігіп, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік парада балаларға сыйлықтар үлестірілді. Сонымен қатар, балалардың суретке деген қызығушылықтарын

ойту мақсатында асфальтқа сурет салумен жалғасты. 18 - маусым күні Әкелер күніне орай «Әкепім – бәйтерегім» атты әкелермен кездесу болып өтті. Кездесу барысында әкелер арасында әртүрлі ойын жарыстар ұйымдастырылды. Әкелер белсенділікпен қатысып, оқушылар әкелеріне арнап тақпақ және ән шашуларын тарту етті. Сондай-ақ,

«Біз спортты жақсы көреміз» атты тақырыпта балалар клуб үйінде спорттық шаралардан сайысты. Шілде айында балаларға табиғат аясында серуен ұйымдастырылып, алтын ұямыз, қоршаған ортамызды қорғап, аялау біздің міндетіміз екені түсіндірілді. Сонымен қатар, пара жоспары бойынша балалар арасында велосипед жарысы өткізілді. Ал, тамыз айының жоспарына сәйкес «Ертегілер әлемінде» атты тақырыпта балаларға ертегілер кейіпкерлері таныстырылды. Балалар өздері ұнаған кейіпкерлерді салып, бір-бірімен ой бөлісті. Сонымен қатар, Ақтас клуб үйінде балалар арасында «Әуенін тап...» топтар сайысы өткізілді. Сайыс кезеңдері бойынша балаларға әртүрлі әуен түрлері жасырылды. Сайыс қызықты да тартымды өтті. Сайыс нәтижесі бойынша үздік деп танылған топтар Алғыс хаттармен марапатталды, – дейді.

Иә, ұлттық құндылықтарымыздың бастауы да мәдениетімізде. Ауылдың рухани бай мұрасы мен құндылықтарын, өнерін жас өскелең ұрпақтарға насихаттап, мәдениет ұлттың мәйегі екенің дәлелдеп, өскелең ұрпақты шыңдап келе жатқан Ақтас ауылы мәдениет ошағы ұжымына биіктерден көріне беріңіздер демекпіз!

Бетті дайындаған Думан Қабыл

Хабарландыру

Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті, мекен-жайы: Қарағанды қ., Костенко к-сі, 6 үй, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) Ақтоғай аудан Қарағанды облысы өңірлерінде "Қазэнергоцентр" ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтерінің шекті бағасын арттыру туралы ақпаратты қарау бойынша Жария тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар мына мекенжайлар бойынша өтеді:

№	Күні	Уақыты	Өтетін орны
1	11 қазан 2023 ж.	сағ. 12.00.	«Мәдени-бос уақыт өткізу орталығы» КМҚК Ақтоғай селосы, Бөкейхан көшесі, 2 үй.

Facebook әлжуметтік желісі арқылы онлайн режимінде (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>)

Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20.

"Қазэнергоцентр" ЖШС байланыс телефоны: 8 (7212) 25 82 15.

Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

«Қазэнергоцентр» ЖШС-і.

Объявление

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению информации о повышении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии ТОО «Казэнергоцентр» в Ақтоғайском районе Карагандинской области.

В соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденных приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

Публичные слушания состоятся по адресу:

№	Дата	Время	Место
1	11 октября 2023 г.	12.00 часов	КГКП «Ақтоғайский культурно - досуговый центр» п. Ақтоғай, ул.Бөкейхана, дом 2.

А так же в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>)

Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20.

Контактные телефоны ТОО «Казэнергоцентр»: 8 (7212) 25 82 15.

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

АБ

ТОО «Казэнергоцентр»

Хабарландыру

Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы мүлік салығын 2023 жылдың 1 қазанына дейін төлеуге шақырады

Қазіргі уақытта жеке тұлғалардың мүлік салығы бойынша есептелген сомалар туралы ақпарат SMS және PUSH-хабарламалар арқылы банктік қосымшаларды арқылы пайдаланушыларға жіберіледі.

Мүлік салығының сомасын оны төлеу мерзімі басталғанға дейін дайын деректемелер бойынша төлем жүргізу мүмкіндігімен бір мезгілде мемлекеттік кірістер Комитеті kgd.gov.kz сайтындағы "Алдағы төлемдер" сервисінен және "E-salyq Azamat" мобильді қосымшасынан білуге болады.

Мүлік салығы заңнамада белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда салық берешегі туындайды.

Хабарлама тапсырылған күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң 1 еселенген АЕК-тен астам мөлшердегі салық берешегі кезінде салық органы салықтық бұйрық шығарады.

Салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде берешек өтелмеген жағдайда, тиісті салық Бұйрығы жеке сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алуға беріледі.

Сонымен қатар, шоттарға тыйым салудан туындаған қолайсыздықтар туралы айтпағанда, жеке сот орындаушылары берешек сомасына қосымша жеке тұлғалардан салық берешегі сомасының 25% - на дейін өндіріп алады.

Мемлекет алдындағы салық міндеттемелерін уақытылы орындауға шақырамыз.

Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

Хабарландыру

Объявление

«BMT Holding Limited» жеке компаниясы 2023 жылдың 9 қазаннан 20 қазанға дейін 10 жұмыс күні ішінде «Тесиктас кен орнында өндіру жұмыстарының салдарын жоюдың болжамды құнының есебі және жою жоспары» жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>.

Жобаны тапсырыс беруші «BMT Holding Limited» жеке компаниясы, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көшесі 12/1, ВП32, 3 қабат, Коворкинг «ИНУВ», тел/факс: 87010127839, e-mail: Kospanov@fincraft.kz.

Жергілікті атқарушы орган – «Қарағанды облысы өкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» тел. +7(7212) 56-41-27.

Частная компания «BMT Holding Limited» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений с 9 октября по 20 октября 2023 года, в течение 10 рабочих дней по проекту «План ликвидации и расчет приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче на месторождении Тесиктас».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик проекта – частная компания «BMT Holding Limited», Республика Казахстан, г. Астана, ул. Конаева, д. 12/1, ВП32, 3 этаж, Коворкинг «ИНУВ», тел/факс: 87010127839, e-mail: Kospanov@fincraft.kz.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Карагандинской области» тел. +7(7212) 56-41-27. АБ

Хабарландыру

Объявление

«BARNEO» ЖШС 20.10.2023 және 03.11.2023 аралығында Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі хабарлайды. «Итмұрынды» нефрит кен орнындағы «BARNEO» ЖШС жер қойнауын пайдаланудың салдары. Бастамашы: «BARNEO» ЖШС, БСН 060340000982, +77012420134. Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда көруге болады.

ТОО «BARNEO» сообщает о том, что в период с 20.10.2023 по 03.11.2023 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Плану ликвидации последствий недропользования ТОО «BARNEO» на месторождении жадеита «Итмұрынды». Инициатор: ТОО «BARNEO», БИН 060340000982, +77012420134. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений. АБ

Жарамсыз деп танылсын

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Қуат» шаруа қожалығының жетекшісі Жалбаев Қуат Аманжолович ЖСН 800806350243 атында Ақтоғай ауданы бойынша кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1504426, шыққан жылы 2008 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.



Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!

29 наурыз 2023 жылы Абдилдин Рамазан қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.



Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: **ГЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 820 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй. Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aqtogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.